

**Өскемен қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 11 қыркүйектегі N 2072 "Зейнеткерлерге арналған "Үлбі" медициналық-әлеуметтік орталығына жолдама беру тәртібі жөніндегі Ережесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 23 ақпандағы N 2406 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық әділет басқармасында 2006 жылғы 9 наурызда N 5-1-29 тіркелді. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2009.05.12 № 820 қаулысымен.

*Ескерту. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2009.05.12 № 820 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 14) тармақшасына сәйкес, 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын орындау барысында, Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өскемен қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 11 қыркүйектегі N 2072 "Зейнеткерлерге арналған "Үлбі" медициналық-әлеуметтік орталығына жолдама беру тәртібі жөніндегі Ережесін бекіту туралы" (тіркеу N 1403, "Рудный Алтай" газетінде 2003 жылғы 4 қазанда N 150-151, "Дидар" газетінде 2003 жылғы 4 қазанда N 94 жарияланған қаулысына, Өскемен қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 15 қыркүйектегі N 660 "Өскемен қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 11 қыркүйектегі N 2072 "Зейнеткерлерге арналған "Үлбі" медициналық-әлеуметтік орталығына жолдама беру тәртібі жөніндегі Ережесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысымен енгізілген өзгерістермен (тіркеу N 5-1-5, "Рудный Алтай" газетінде 2005 жылғы 11 қазанда N 156, "Дидар" газетінде 2005 жылғы 22 қарашада N 114 жарияланған) қаулысына келесі өзгертулер енгізілсін:

7 тармақ зейнеткерлерге арналған "Үлбі" медициналық-әлеуметтік орталығына жолдама беру тәртібі жөніндегі Ереже келесі редакцияда оқылсын:

"Тегін жолдама алуға құқылы:

- 1) жалғыз басты немесе жалғыз тұратын қала кәсіпорындарымен байланыста жоқ, зейнетақы мөлшері жыл сайын Қазақстан Республикасының "Республикалық бюджет туралы" Заңымен белгіленетін айлық есеп көрсеткішінің 15 есе мөлшерінен аспайтын зейнеткерлер және мүгедектер;
- 2) аз қамтылған және көп балалы отбасыларының мүмкіндіктері шектеулі

мүгедек балалары ата-анасының біреуінің ертіп жүруімен;  
3) зейнетақы мөлшерінің шектеусіз әр баруға 10 адамнан Ұлы Отан соғысына қатысушылар, мүгедектер және тыл еңбеккерлері".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.И. Ферхоға жүктелсін.

*Өскемен қаласының әкімі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК